

Автоматты OMRON EVOLV иықтың артериялық қысым мониторын сатып алғаныңыз үшін алғыс білдіреміз.

Жаңа иықтың артериялық қысымын автоматты түрде өлшеу монитору артериялық қысымды осциллометриялық әдіспен өлшейді. Бұл монитор қан қозғалысын иық артериясы арқылы анықтап, қозғалыстарды цифрлық көрсеткішке түрлендіретінін білдіреді. Осциллометриялық монитормға стетоскоп қажет емес, сондықтан мониторды пайдалану оңай.

Тағайындалуы

Бұл құрылғы өресек емделушінің қан қысымы мен тамыр соғу жиілігін өлшеу үшін пайдаланылатын цифрлық монитор болып табылады. Құрылғы өлшеу барысында қалыпсыз жүрек соғысының пайда болуын анықтайды және мұны көрсеткіштері бар белгі арқылы көрсетеді. Көбінесе үй жағдайларында пайдалану үшін ұсынылады.

Қауіпсіздік техникасы жөніндегі маңызды ақпарат

Аспапты пайдалануды бастар алдында Пайдалану жөніндегі осы нұсқаулықтың «Қауіпсіздік техникасы жөніндегі маңызды ақпарат» тарауын оқып шығуды ұсынамыз.

Қауіпсіздік мақсатында осы пайдалану нұсқаулығын мұқият орындаңыз. Анықтамалар алу үшін сақтап қойыңыз. Ерекше жағдайлард, ӨЗІНІЗДІҢ ЕМДЕУШІ ДӘРІGERІҢІЗБЕН KEҢЕСУІҢІЗ KPEK.

⚠Ескерту Өлiмге немесе ауыр жарақаттарға алып келуi мүмкiн тәнiп тұрған қауiптi жағдайды бiлдiредi.

- Емдi артериялық қысымды өлшеу мониторынан алынған өлшеу нәтижелерiне негiзделiп PЕТТЕMEҢІЗ. Емдi дәpiгердiң сипаттамасымен қабылдаңыз. Жоғары артериялық қысымды тек бiлiктi дәpiгер диагностикалап, емдеуi қажет.
- Бұл мониторды жарақаттанған қолмен немесе медициналық ем қолданылып жатқан қолмен ПАЙДАЛАНБАҢЫЗ.
- Егер қолыңызға көктамыр iшiлiк тамшылатқыш қойылған болса немесе қан құйылып жатса, манжетаны қолға киюге БОЛМАЙДЫ.
- Манжетаны иықтан басқа дене бөлiктерiне киюге немесе үрлеуге БОЛМАЙДЫ.
- Бұл мониторды жиiлiгi жоғары (ЖОК) хирургиялық жабдық, магниттiк-резонанстық томография (MPT) жабдығы, компьютерлiк томография (КТ) сканерлерi орнатылған аймақтарда немесе оттегiге бай ортада ПАЙДАЛАНБАҢЫЗ. Бұл құрылғының дұрыс жұмыс iстемеуiне және/немесе қате көрсеткiшке алып келуi мүмкiн.
- Бұл мониторды сәбилерге, бүлдiршiндерге, балаларға немесе өз iсiне жауап бере алмайтын тұлғаларға ПАЙДАЛАНБАҢЫЗ.
- Жүрекше немесе қарыншалық экстрасистоалар не жүрекше фибрилляциясы, артериосклероз, нашар перфузия, қант сусамыры, жүктiлiк, преэклампсия немесе бүйрек ауруы сияқты жалпы аритмия болса, осы мониторды пайдалану алдында дәpiгермен кеңесiңiз.
- Үнемі емдеушi дәpiгерiңiзбен кеңесiңiз. Өлшеу нәтижелерiнiң негiзiнде өздiгiңiзден диагноз қою және жеке емделу өмiрiңiзге қауiп төндiредi.
- Егер балалар, бүлдiршiндер немесе сәбилер жұтып қойса, тұншығу қатерiн тудыруы мүмкiн ұсақ бөлшектерi бар.
- БАТАPEЯНЫ балалардың, бүлдiршiндердiң және сәбилердiң қолы жетпейтiн орында сақтаңыз.
- Бұл өнiм 2,4 ГГц жиiлiктегi радиожiлiктерiн (PЖ) шығарады. Бұл өнiмдi ұсақ немесе ауруханалар сияқты PЖ шектеулi орындарда ПАЙДАЛАНБАҢЫЗ.

⚠Назар аударыңыз

- Егер терi тiтiркенсе немесе жағымсыз жағдайды байқасаңыз, осы мониторды пайдалануды тоқтатып, дәpiгермен кеңесiңiз.
- Осы мониторды артериовеноздық (A-V) анастомозы бар қолға пайдаланудың алдында, емдеушi дәpiгерiңiзбен кеңесiңiз.
- EMДЕЛУШIННІҢ қозғалысы, дiрiлдеуiн бақылаңыз, дiрiл өлшеудiң көрсеткiшiне әсер етуi мүмкiн.

- Егер сiзге мастектомия жасалса, осы мониторды пайдалану алдында дәpiгермен кеңесiңiз.
- Егер қан айналымына қатысты ауыр мәселелерiңiз немесе қан аурулары болса, мониторды пайдалану алдында дәpiгермен кеңесiңiз, себебi үрленетiн манжета қанталауға әкелуi мүмкiн.
- Өлшеу процедурасын қажеттi кезде ғана орындаңыз, себебi қан ағымына келетiн кедерi қанталауға әкелуi мүмкiн.
- Егер өлшеу барысында қол манжетасы ауа шығармаса, оны алып тастаңыз.
- Бұл мониторды артериялық қысымды өлшеуден басқа мақсатқа пайдалануға тыйым салынған.
- Өлшеу барысында осы монитордан 30 см қашықтықта электромагниттiк өрiстердi шығаратын мобилдiк құрылғы немесе қандай да бір басқа электрлiк құрылғы жоқтығына көз жеткiзiңiз. Бұл монитордың дұрыс жұмыс iстемеуiне және/немесе қате көрсеткiшке әкелуi мүмкiн.
- Бұл құрылғыны басқа медициналық электрлiк (MЗ) жабдықпен бiр мезгiлде пайдаланбаңыз. Бұл құрылғының дұрыс жұмыс iстемеуiне және/немесе қате көрсеткiшке алып келуi мүмкiн.
- Мониторды және оның бөлшектерiн жеңдеуге немесе ауыстыруға әрекеттенбеңiз. Бұл дұрыс емес оқуға әкелуi мүмкiн.
- Ылғал немесе монитормға су шашырау қауiпi бар орында пайдаланбаңыз. Бұл мониторды зақымдауы мүмкiн.
- Бұл мониторды автокөлік немесе ұшақ сияқты жылжитын көлiкте пайдаланбаңыз.
- Осы мониторды құлатып алмаңыз, қатты соққыға немесе дiрiлге ұшыратпаңыз.
- Осы мониторды ылғалдылығы жоғары немесе төмен не температуралары жоғары не төмен орындарда пайдаланбаңыз. Нұсқаулықтың «б. Техникалық сипаттамалары» бөлiмiн қараңыз.
- Пайдаланылып жатқан қолды бақылау арқылы монитор емделушiнiң қан айналымын бұзбайтынын тексерiңiз.
- Бұл мониторды медициналық клиникалар немесе дәpiгер кабинеттерi сияқты пайдалану жиiлiгi жоғары орталарда пайдаланбаңыз.
- Өлшеу үрдiсiне дейiнгi 30 минут аралығында суға түсуге, алкоголь немесе кофеин қабылдауға, шылым шегуге, дене жаттығуларын орындауға және ас iшуге болмайды.
- Өлшеуге дейiн кемiнде 5 минут бойы демалыңыз.
- Өлшеу барысында тығыз қонымды немесе қалың киiмдi шешiңiз.
- Өлшеу үрдiсiнде қозғалмаңыз және сөйлеспеңiз.

- «б. Техникалық сипаттамалары» тарауындағы «Электромагниттiк үйлесiмдiлiкке (ЭМУ) қатысты маңызды ақпарат» нұсқаулығын оқып, орындаңыз.
- Аспан және кез келген пайдаланылған керек-жарақтар мен қосалқы бөлшектердi жою кезiнде «б. Техникалық сипаттамалары» тарауындағы «Аспапты тиiсiнше жою» нұсқаулығын оқып, орындаңыз.
- Егер осы монитор ең көп немесе ең аз сақтау және тасымалдау температурасында сақталса және 20°C температурадағы ортаға көшiрiлсе, мониторды пайдалану алдында шамамен 2 сағат күтудi ұсынамыз.

Деректердi тасымалдау

- Көрсеткiшiңiз smart құрылғыға тасымалданып жатқанда батареяны ауыстырмаңыз. Бұл монитордың қате жұмысына және артериялық қысым деректерiнiң тасымалданбауына әкелуi мүмкiн.
- Көрсеткiш smart құрылғыға тасымалданып жатқанда осы монитордың қасына микросхемалы smart-карталарды, магниттердi, металл заттарды немесе электромагниттiк өрiстердi шығаратын басқа құрылғыларды қоймаңыз. Бұл монитордың қате жұмысына және артериялық қысым деректерiнiң тасымалданбауына әкелуi мүмкiн.

Батареяны қолдану және пайдалану


- Батареяларды орнатқанда мiндеттi түрде полярлылығын сақтаңыз.
- Осы монитормен тек 4 «AAA» сiлпiлiк батареяларды пайдаланыңыз. Басқа типтi батареяларды пайдалануға үздiлдi-кесiлдi тыйым алынады. Ескi және жаңа батареяларды бiр мезгiлде пайдалануға үздiлдi-кесiлдi тыйым алынады.
- Егер монитор ұзақ уақыт бойы пайдаланылмайтын болса, батареяларды алып тастаңыз.
- Көзге батареядағы электролит тiлiп кеткен жағдайда, оларды мол таза сумен жуып тастаңыз. Мүмкiндiгiнше тезiрек дәpiгерге қаралыңыз.
- Егер батарея сұйықтығы терiге түссе, терiңiздi көп мөлшердегi таза, жылы сумен дереу жуыңыз. Егер тiтiркену, жаракаттану немесе ауырсыну болса, дәpiгермен кеңесiңiз.
- Батареяларды жарамдылық мерзiмi өткеннен кейiн пайдаланбаңыз.
- Батареялар жақсы күйде жұмыс iстеп тұрғанын жиi тексерiп тұрыңыз.
- Осы монитормға арналған батареяларды ғана пайдаланыңыз. Үйлеспейтiн батареяларды пайдалану монитормға зақым келтiруi және/немесе денсаулыққа зиянын тигiзуi мүмкiн.

1. Аспабыңызбен таныс болыңыз


Мазмұны:












Монитор, батарея жинағы, пайдалану нұсқаулығы, орнату нұсқаулары, жұмсақ қап

Монитор:



Дисплей:




	Байланыс таңбасы		Батарея белгішесі (төмен)
	Қосылым ӨШІРҮЛІ белгішесі		Батарея белгішесі (біткен)
	Қосылым ҚОСУЛЫ белгішесі		Декомпрессия белгішесі
	Қимыл қатесінің белгішесі		Жүрек соғысының белгішесі (Өлшеу барысында жыпылықтайды.)
	SYNC белгішесі		Манжетаның дұрыс бекітілуінің белгішесі
	Қалыпты емес жүрек соғысының белгішесі		

1.1 Дисплей белгішелері

Қалыпты емес жүрек соғысының белгішесі 



Өлшеу кезінде монитор тұрақсыз соғысты екі не одан көп мәрте анықтаса, дисплейде өлшем көрсеткіштермен бірге тұрақсыз жүрек соғысының белгішесі пайда болады.



Тұрақсыз жүрек соғысы монитор систоликалық және диастолалық қан қысымын өлшеп жатқан кезде анықталған орташа тамыр соғысының 25% кем немесе 25% жоғары соғысы ретінде анықталады. Егер тұрақсыз жүрек соғысының белгішесі өлшеу нәтижелерімен бірге көрінсе, сiзге дәpiгерге көрiнудi ұсынамыз. Емдеушi дәpiгерiңiздiң нұсқауларын орындаңыз.

Қимыл қатесінің белгішесі 

Егер өлшеу барысында қозғалсаңыз, қозғалыс белгішесі көрсетіледі. Қол манжетасын шешіп, 2-3 минут күтіңіз.

Тағы бір рет өлшеңіз және өлшеу процедурасы жүріп жатқанда қалыпты отырыңыз.

Манжетаның дұрыс бекітілуінің белгішесі  / 

Егер қолманжетасы өте босоралса, ол сенімді нәтижелер көрсетілмеуіне алып келуі мүмкін. Егер манжета тым бос оралса, манжетаның дұрыс бекітілуінің белгішесі  көрсетіледі. Кері жағдайда  белгішесі көрсетіледі. Бұл қызмет манжетаның тығыз тұрғанын анықтау үшін пайдаланылады.

SYNC белгішесі 

- Дисплейде SYNC белгішесі көрсетілгенде, монитор smart құрылғымен жұптасқанын тексеріңіз немесе деректерді тасымалдаңыз.

- SYNC белгішесі дисплейге көрсетілгенде, өлшемдер жойылмас бұрын, деректерді жіберіңіз. Ішкі жад ең көбі 100 өлшемді сақтайды. Жүктеп алуға дейін топса, ең ескі мән жойылатын болады.

Артериялық гипертензияның басқаруына арналған 2013 ESH/ESC нұсқаулары

Кеңседегі және үйдегі артериялық қысым деңгейлері бойынша гипертензияның анықтамалары

	Кеңсе	Үй
Систолалық қан қысымы	≥140 мм. сын. бағ.	≥135 мм. сын. бағ.
Диастолалық қан қысымы	≥90 мм. сын. бағ.	≥85 мм. сын. бағ.

Артериялық қысымның статистикалық көрсеткіштері.

1.2 Өлшеу үрдісіне дейін

- Дұрыс түсініп оқу үшін келесі нұсқауларды орындаңыз:
- Өлшеу үрдісіне дейінгі 30 минут аралығында суға түсуге, алкоголь немесе кофеин қабылдауға, шылым шегуге, дене жаттығуларын орындауға және ас ішуге болмайды.
 - Өлшеуге дейін кемінде 5 минут бойы демалыңыз.
 - Күйзелу қан қысымын арттырады. Күйзеліс кезінде өлшеуді орындамаңыз.
 - Өлшеу тыныш жерде орындалуы қажет.
 - Қолыңыздан жабысқан киімді алып тастаңыз.
 - Қан қысымының және тамыр соғысының көрсеткіштерін дәрігеріңіз үшін сақтаңыз. Бір өлшем дұрыс қан қысымыңыздың дәл көрсеткішін көрсетпейді. Белгілі бір уақыт ішінде бірнеше көрсеткішті алып және жазуыңыз керек. Қан қысымыңызды тұрақты түрде күн сайын бір уақытта өлшеп тұрыңыз.



2. Дайындау шаралары

2.1 Батареяны орнату


- Батарея бөлігінің қақпағын ашыңыз. Ілгектің ойығына ақырын сырғытып, төмен тартыңыз.



- Батареяға арналған бөлікте көрсетілгендей 4 «AAA» батареясын салыңыз.




Батареялар осы құрылғыға мықтап бекітілгенде, төмендегі хабар мен SYNC белгіше экранда көрсетіледі:



 SYNC белгішесі  көрсетілгенде өлшемді жасау алдында, smart құрылғыға жұптастыру немесе деректерді тасымалдау үшін қосылым түймесін міндетті түрде басыңыз.

Ескертпелер:

- Дисплейде батарея заряды біткенін білдіретін белгіше  пайда болса, мониторды өшіріп, барлық батареяларды алып тастаңыз. 4 батареяны бір мезгілде ауыстырыңыз. Қызмет мерзімі ұзақ сiптiлiк батареяларды пайдалану ұсынылады.
- Өлшеу нәтижелері тіпті батареяларын алып тастағаннан кейін де сақталып қалады.
- Бірге берілген батареялар жаңа батареяларға қарағанда қысқарақ қызмет етуі мүмкін.
- Батареяларды осы жағдайларға арналған мәлекеттік/жергілікті ережелерге сәйкес жою керек.

2.2 Мониторды smart құрылғымен жұптастыру
Мониторды smart құрылғымен жұптастырғанда, оның күні мен уақыты автоматты түрде орнатылады. «OMRON connect» қолданбасын пайдалана бастау үшін бастапқы реттеу нұсқауларын omronconnect.com/setup сайтынан қараңыз.

Келесі сілтемеден үйлесімді smart құрылғылардың тізімін қарап шығыңыз: omronconnect.com/devices
Мәліметтерді келесі веб-сайттан қараңыз: omronconnect.com

- Smart құрылғыда Bluetooth® мүмкіндігін қосыңыз.
- Smart құрылғыңызға тегін «OMRON connect» қолданбасын жүктеп алыңыз және орнатыңыз.

Download on the

App Store

GET IT ON

Google Play

- Қолданбаны smart құрылғыдан ашып, реттеу және жұптау нұсқауларын орындаңыз.

- Монитордың сәтті жалғанғанын растаңыз. Егер монитор smart құрылғыға сәтті жалғанса, дисплейде «OK» мәтіні көрсетіледі.



Егер «Err» мәтіні көрсетілсе, қосымша мәліметті 4.2 бөліміндегі «Қосылым ақауы./Деректер тасымалданбады.» тармағынан қараңыз.



- Ескертпелер:
- Егер «OMRON connect» қолданбасының орнына басқа қолданба пайдалансаңыз, күн мен уақыт автоматты түрде орнатылмайы мүмкін. Егер күн мен уақытты орнату қажет болса, «OMRON connect» қолданбасын пайдалану арқылы мониторды жұптастырыңыз немесе деректерді тасымалдаңыз.
 - Күн/уақыт тасымалданған өлшемнен кейін жасалған болашақ өлшемдер үшін ғана орнатылады және ол қазір ғана тасымалданған өлшемге сақталмайды.
 - OMRON компаниясы деректерді және/немесе ақпараттың жоғалуына жауапты емес екенін ескертіңіз.
 - Егер мониторды жұптастырмай пайдалансаңыз, «3.3 Өлшеу жасау» тарауындағы «Мониторды жұптастырмай пайдалану» бөлімін қараңыз.


3. Аспапты пайдалану

3.1 Манжетаны қолдану
Сол жақ қолыңыздың үстіңгі жағынан жабысқан киімді алып тастаңыз. Қол манжетасын қалың киімдердің үстінен орамаңыз.

- Қол манжетасын сол иығыңызға тағыңыз.

Қол манжетасының төменгі жиегі шынтақтан 1–2 см жоғары болуы керек. Дисплейді пайдаланушыға анық көрінетін жерге қою нәтижелерді оңайырақ оқуға мүмкіндік береді.

- Мата ілгегімен мықтап жабыңыз.



Ескертпелер:

- Оң қолдағы және сол қолдағы қан қысымы екі түрлі болуы мүмкін және оның өлшенген көрсеткіштері де әр түрлі болуы мүмкін. Omron компаниясы қысымды үнемі бір қолдан өлшеуді ұсынады. Екі қол арасындағы көрсеткіштер айырмашылығы үлкен болса, қай қолды өлшеу жөнінде дәрігермен кеңесіңіз. [START/STOP] түймесі бар мониторды денеге қарай орналастыру құрылғыны пайдалануды жеңілдетеді.

3.2 Өлшеу кезінде дұрыс қалыпта болу
Өлшеуді орындау үшін жайлы белме температурасында босаңсыған қалыпта отыру қажет.

- Аяғыңызды бүкпей, табандарды жерге толық тигізіп, орындаыққа отырыңыз.
- Қолыңызбен тіреп, артқа қарай отырыңыз.
- Қол манжетасы жүрек деңгейіндегі қолға орналасуы қажет.

3.3 Өлшеу жасау

Ескертпелер:

- Өлшеуді тоқтату мақсатында қол манжетасынан ауа шығару үшін [START/STOP] түймесін басыңыз.
- Өлшеу үрдісінде қозғалмаңыз және сөйлеспеңіз.
- Бұл құрылғыда 100 өлшем сақталады. Сақталған өлшемдерді монитордың дисплейінен көру мүмкін емес. Соңғы көрсеткіш жасалғанға дейін барлық өлшемді көру үшін «OMRON connect» қолданбасын пайдалану қажет.
- Мониторды басқа электрлік құрылғылармен бір мезгілде пайдаланбаңыз. Монитордың дұрыс жұмыс істемеуіне себеп болуы мүмкін.

- [START/STOP] түймесін басыңыз. Қол манжетасы үрлене бастайды.



Қол манжетасын алып тастаңыз.

Көрсеткіштеріңізді тасымалдаңыз.
Монитор smart құрылғыдан 5 м (16 фут) аралықта екенін және «OMRON connect» қолданбасы белсенді екенін тексеріңіз. Өлшем аяқталғаннан кейін, көрсеткіш автоматты түрде тасымалданатын болады.

- Көрсеткіштерді кейін тасымалдау**
 - Smart құрылғыда қолданбаны ашыңыз, содан соң нұсқауларды орындаңыз.

- Көрсеткіштерді тасымалдау үшін қосылым түймесін басыңыз.





- Егер көрсеткіштер smart құрылғыға сәтті тасымалданса, дисплейде «OK» мәтіні көрінеді.

Егер «Err» мәтіні көрсетілсе, қосымша мәліметті 4.2 бөліміндегі «Қосылым ақауы./Деректер тасымалданбады.» тармағынан қараңыз.



Ескертпелер:

- SYNC белгішесі  дисплейге көрсетілгенде, көрсеткіштер жойылмас бұрын, деректерді дереу жіберіңіз.
- Дисплейде Қосылым ӨШІРҮЛІ белгішесі  көрсетілгенде, монитордың Bluetooth® мүмкіндігін қосыңыз. (3.4-бөлімді қараңыз)
- Көрсеткіштерді қолданбаға жібергеннен кейін, деректерді қолданбаға немесе smart құрылғыға қайта жіберу мүмкін емес.

4. Көрсеткіштер «OMRON connect» қолданбасына тасымалданғаннан кейін өшіру үшін [START/STOP] түймесін басыңыз.

Ескертпелер:

- Монитор автоматты режимде 2 минуттан соң өшеді.
- Басқа өлшеу үрдісінің алдында 2–3 минут күтіңіз. Өлшеу жұмыстарының арасында күту күре тамырдың өлшегенге дейінгі қалпына келуіне мүмкіндік жасайды.
- Егер «OMRON connect» қолданбасының орнына басқа қолданба пайдалансаңыз, жібергеннен кейін деректер көрсетілмеуі мүмкін.

⚠Емді артериялық қысымды өлшеу мониторынан алынған өлшеу нәтижелеріне негізделіп ПАЙДАЛАНАЛЫЗ. Емді дәрігердің сипаттамасымен қабылдаңыз. Жоғары артериялық қысымды тек білікті дәрігер диагностикалап, емдеуі қажет.
⚠Үнемі емдеушi дәpiгерiңiзбен кеңесiңiз. Өлшеу нәтижелерiнiң негiзiнде өздiгiңiзден диагноз қою және жеке емделу өмiрiңiзге қауiп төндiредi.

■ Деректерді бірнеше smart құрылғыға тасымалдау
Деректер smart құ













3. Мониторды өшіру үшін [START/STOP] түймесін басыңыз.

Ескертпелер:

- Монитор автоматты режимде 2 минуттан соң өшеді.
- Осы монитордың бастапқы параметрлеріне қайтару қолданбадағы ақпаратты жоймайды.
- Мониторды қайта пайдаланған кезде, алдымен қолданбада монитордың тіркеуін жойып, содан соң мониторды жұптаныз.

4. Қате туралы хабарлар және ақаулардың диагностикасы

4.1 Қате туралы хабарлар

Қатенің шартты белгілері	Себебі	Шешімі
	Ретсіз жүрек соғысы анықталды.	Қол манжетасыны минут тастаңыз. 2–3 минут күте тұрыңыз, содан соң өлшеуді қайталаңыз. 3.1-бөлімдегі қадамдарды қайталаңыз. Егер бұл қате қайта шықса, емдеуші дәрігеріңізге хабарласыңыз.
	Өлшеу кезіндегі қимыл-қозғалыстар.	3.3-бөлімдегі қадамдарды мұқият оқып, қайталаңыз.
	Қол манжетасы тым бос тағылған.	Қол манжетасын мықтап бекітіңіз. 3.1-бөлімді қараңыз.
	Батареялардың заряды төмен.	4 батареяны түгелдей жаңасына ауыстыру ұсынылады. 2.1-бөлімді қараңыз.
	Батареялар қуаты бітті немесе батареяның полярлығы дұрыс тураланбаған.	4 батареяны дереу жаңаларына ауыстырыңыз. 2.1-бөлімді қараңыз. <p>Батареялар дұрыс полярлығымен тураланғанын тексеріңіз. 2.1-бөлімді қараңыз.</p>
	Қосылым ақауы. Деректер тасымалданбай жатыр.	4.2-бөлімдегі «Қосылым ақауы. Деректер тасымалданбай жатыр.» тақырыбын қараңыз.
	Қол манжетасы тым бос тағылған.	Қол манжетасын мықтап бекітіңіз. 3.1-бөлімді қараңыз.
	Қол манжетасына ауа рұқсат етілген ең көп қысымнан артық кіргізілді, содан соң автоматты түрде ауа шығарылды.	Өлшеу барысында қол манжетасын ұстамаңыз. 3.3-бөлімді қараңыз.
	Өлшеу кезіндегі қимыл-қозғалыстар.	Өлшеуді қайталаңыз. Өлшеу кезінде қозғалмаңыз және сөйлеспеңіз. 3.3-бөлімді қараңыз.
	Өлшеу кезіндегі қимыл-қозғалыстар.	Өлшеуді қайталаңыз. Өлшеу кезінде қозғалмаңыз және сөйлеспеңіз. 3.3-бөлімді қараңыз.
	Қол манжетасы дұрыс тағылмаған.	Қол манжетасын дұрыс тағыңыз. 3.1-бөлімді қараңыз.
	Аспаптың қатесі.	Жергілікті OMRON өкіліне хабарласыңыз.

4.2 Ақауларын іздеп табу

Пайдалану барысында төмендегі мәселелердің кез келгені пайда болса, алдымен 30 см қашықтықта басқа электрлік құрылғы жоқтығына көз жеткізіңіз. Егер мәселе жойылмаса, төмендегі кестені қараңыз.

Қиындық	Себебі және шешімі
Қуат жоқ. Мониторда дисплей көрсетілмейді.	Барлық батареяны жаңасына ауыстырыңыз. Батарея дұрыс полярлық орнына орнатылғанын тексеріңіз. 2.1-бөлімді қараңыз.
Өлшем мәндері тым жоғары немесе тым төмен пайда болады.	Қан қысымы үнемі өзгереді. Стресс, күн мезгілі және қол манжетасын қолданатын әдісін қоса көптеген факторлар артериялық қысымыңызға әсер етуі мүмкін. 3.2 және 3.3 бөлімін қараңыз.


Қиындық	Себебі және шешімі
Қосылым ақауы. /Деректер тасымалданбай жатыр.	Артериялық қысымы монитори смарт құрылғының тасымалдау ауқымында дұрыс қойылмаған болуы мүмкін және смарт құрылғыдан тым алыс болуы ықтимал. Егер артериялық қысым монитори жаында деректерді жіберуге кедергі ешқандай себеп табылмаса, артериялық қысым мониторын смарт құрылғыдан 5 м (16 фут) жерге қойып, әрекетті қайталаңыз. <p>Смарт құрылғының Bluetooth® функциясы өшірілуі. Смарт құрылғының Bluetooth® функциясын және мониторды қосып, деректерді қайта жіберіп көріңіз.</p> <p>Артериялық қысым мониторының Bluetooth® функциясы өшірілуі. «3.4 Bluetooth® функциясын «ӨШІРУ»» тармағындағы «Bluetooth® функциясын «ҚОСУ» бөлімін қараңыз.</p> <p>Артериялық қысым монитори смарт құрылғымен жұпталмады. Құрылғыларды қайта жұптап көріңіз. 2.2-бөлімдегі «Мониторды смарт құрылғымен жұптастыру» тармағын қараңыз. Қосымша мәліметтерді «OMRON connect» қолданбасындағы «Анықтама» бөлімінен қараңыз.</p> <p>Смарт құрылғыдағы қолданба дайын емес. Қолданбаны тексеріп, деректерді қайта жіберіп көріңіз. 2.2-бөлімдегі «Мониторды смарт құрылғымен жұптастыру» тармағын қараңыз. Егер қолданбаны тексергеннен кейін де «Егі» белпшесі көрсетілсе, OMRON бөлшек дүкеніне не дистрибуторға хабарласыңыз. Смарт құрылғының осы монитормен үйлесімділігін omronconnect.com веб-сайты арқылы тексеріңіз</p>

5. Профилактикалық жөндеу және сақтау

5.1 Профилактикалық жөндеу жұмыстары

Құрылғыңызды зақымданулардан қорғау үшін төмендегі нұсқауларды орындандыз:

- Өз құрылғыңызды және оның бөлшектерін таза және қауіпсіз жерде сақтаңыз.
- Көз келген жуылатын немесе тез буланатын тазартқыштарды пайдаланбау.
- Құрылғы мен оның компоненттерін жұмаңыз және суға батырмаңыз.
- Құрылғыны тазалау үшін бензинді, сұйылтқыштарды немесе соған ұқсас тазартқыш құралдарды пайдаланбау.



- Монитор мен қол манжетасын тазалау үшін жұмсақ, құрғақ шүберекті немесе бейтарап жуу құралымен ылғалданған жұмсақ шүберекті пайдаланыңыз, содан соң оны құрғақ шүберекпен сүртіңіз.
- Өндіруші рұқсат етпеген алмастыру немесе құрылым өзгерістері кепілдік күшін жояды. Құрылғыны және оның бөлшектерін жөндеуге немесе ауыстыруға әрекеттенбеңіз.

Тексеру және қызмет атқару

- Артериялық қысымды өлшеуге арналған бұл аспаптың дәлдігі мұқият тексерілуі тиіс және ұзақ уақыт бойы сақталады.
- Аспаптың өлшеу дәлдігі мен дұрыс жұмыс істеп тұрғандығын әрбір 2 жыл сайын тексеру ұсынылады. Жергілікті OMRON дистрибуторымен кеңесіңіз.

5.2 Сақтау

Аспапты төмендегідей жағдайларда сақтауға болмайды:

- Аспап ылғал болған жағдайда.
- Температурасы, ылғалдылығы шамадан тыс, тікелей күн сәулесі, шаң немесе әк сияқты көзді ашытықш булар бар жерлер.
- Сақталу орны дірлідін, соққылардың әсеріне ұшырайтын немесе еңіс беткейде тұрған жерлерде.

6. Техникалық сипаттамалары

Өнімнің санаты	Электронды сфигмоманометрлер
Өнім сипаттамасы	Иықтың артериялық қысымын автоматты түрде өлшеу монитори
Үлгісі (код)	EVOLV (HEM-7600T-E)
Дисплей	OLED дисплейі
Манжета қысымының ауқымы	Қысым: 0–299 мм сын. бағ.
Өлшеулер шамасы	Қысым: 40–260 мм сын. бағ. <p>Тамыр соғысы: минутына 40-180 соғу.</p>
Дәлдігі	Қысымы: ±3 мм сын. бағ. <p>Тамыр соғысы: дисплей көрсеткішінің ±5 %</p>
Компрессиясы	Электрлік сорғымен басқарылатын дәл емес логика
Декомпрессиясы	Автоматты жылдам
Өлшеу тәсілі	Осциллометриялық әдіс
Тасымалдау әдісі	Bluetooth® low energy технологиясы
Сымсыз байланыс	Жіліпк ауқымы: 2,4 ГГц (2400–2483,5 МГц) <p>Модуляция: GFSK <p>Тиімді сәулеленетін қуат: <20 дБм</p></p>
IP классификациясы	IP 22
Қуат көзі	4 «AAA» батарея 1,5 В
Батареяның жұмыс істеу мерзімі	Шамамен 300 өлшем (жаңа сілтілі батареялар арқылы)
Номиналды күші	6 В тұрақты ток, 4 Вт
Жарамдылық мерзімі (қызмет көрсету мерзімі)	Монитор: 5 жыл
Жұмыс шарттары	10–40°С/15–90% СЫ (конденсациясыз)/ 800-1060 гПа
Сақтау/тасымалдау шарттары	-20 – 60°С/10–90% СЫ (конденсациясыз)

Салмағы	Монитор: шамамен 240 г (батареяларды қоспағанда)
Өлшемдері	Монитор: шамамен 85 мм × 120 мм × 20 мм (қол манжетасын қоспағанда)
Қол шеңбері	22-42 см
Мазмұны	Монитор, батарея жинағы, пайдалану нұсқаулығы, орнату нұсқаулары, сақтау қабы
Аппараттың жұмыс бөлігі	BF түрі (манжета)
Электр тогының соғуынан қорғау	Ішкі қуаты бар МЕ жабдығы

Ескертпелер:


- Спецификациясына ескертусіз өзгертулер енгізілуі мүмкін.
- Клиникалық зерттеулер жүргізген кезде, диастолалық артериялық қысымның 85 тармағын анықтау үшін К5 параметрі пайдаланылған.
- Бұл монитор EN ISO 81060-2:2014 стандартының талаптарына сәйкес клиникалық сынақтан өтті және EN ISO 81060-2:2014 және EN ISO 81060-2:2019 + A1:2020 стандартына сәйкес келеді (аяғы ауыр және презклампсиясы асқынған емделушілерді қоспағанда).
- Бұл құрылғы Еуропалық гипертония қауымдастығының гипертензия өзгертілген протоколына сәйкес жүкті және презклампсия дерті бар емделушілерге пайдалануға тексерілді*.
- IP классификациясы IEC 60529 стандартына сәйкес қабы қорғайтын деңгей болып табылады. Бұл құрылғы саусақ сияқты диаметрі 12,5 мм және одан үлкен болатын бөгде заттардан және қалыпты жұмыс кезінде ақауларға себеп болуы мүмкін су тамшыларының кіруінен қорғалған.
- Бұл құрылғыны үздіксіз пайдалануға болады.






CE 0197

UK 0086

* Toroughan J et al. Vascular Health and Risk Management 2018;14 189–197



- Артериялық қысымды өлшеуге арналған бұл аспап еуропалық EN1060 «Инвазивті емес сфигмоманометрлер» стандартының, 1 бөлімі «Жалпы талаптарға» және 3 бөлімі «Артериялық қысымды өлшейтін электромеханикалық жүйелер үшін қосымша талаптарға» сәйкес жобаланған.
- Осы құжат арқылы OMRON HEALTHCARE Co., Ltd. компаниясы EVOLV (HEM-7600T-E) радиожабдық түрі 2014/53/EО директивасына сәйкес келетінін мәлімдейді. EO сәйкестік декларациясының толық мәтіні келесі мекенжайында қолжетімді: www.omron-healthcare.com
- OMRON компаниясының бұл бұйымы OMRON HEALTHCARE Co., Ltd., Жапония компаниясының қатаң сапа бақылауы жүйесін қолдану жағдайларында дайындалған. OMRON компаниясының артериялық қысымды өлшеуге арналған аспаптарының негізгі компоненті ретінде жүретін қысым көрсеткіші Жапонияда жасалады.
- Осы құрылғымен болған кез келген күрделі оқиға туралы өндірушіге және сіз орналасқан мүшеліктегі мемлекеттің уәкілетті органына хабарлаңыз.

Таңбалар сипаттамасы	
	Аппараттың жұмыс бөлігі - BF түрі <p>Электр тогының соғуынан қорғау деңгейі (тоқтың шығуы)</p>
	II класты жабдық. Электр тогының соғуынан қорғау
	IEC 60529 стандарты қамтамасыз ететін қорғау деңгейі
	CE белгісі
	UKCA белгісі
	Өлшеу таңбасы
	Еуразиялық сәйкестік таңбасы
	Сериялық нөмірі
	Топтама нөмірі
	Бірегей құрылғы идентификаторы
	Медициналық құрылғы
	Температура шектеуі
	Ылғалдылық шектеуі
	Ауа қысымы шектеуі
	Коннектор полярлығының көрсеткіші
	Тек бөлме ішінде пайдалануға арналған
	OMRON компаниясының қан қысымын өлшеу ауқымына арналған сауда белгісі бар технологиясы
 немесе 	Құрылғы үйлесімді манжеталардың идентификаторы
 немесе 	Соп қолға арналған манжета орналасатын индикатор
 немесе 	Артерияның үстінде орналасатын манжетаның маркері
	Ауқым көрсеткіші және иық артериясын реттеу орны
 немесе	Өндірушінің сапаны бақылау белгісі
	Табиғи каучукті латекстен жасалмаған
	Дұрыс манжета өлшемін таңдауға көмектесуге арналған қол шеңберлерінің ауқым индикаторы.
	Осы пайдалану нұсқаулығымен танысу үшін пайдаланушыға қажет.

	Қауіпсіздік мақсатында осы пайдалану нұсқаулығын дұрыс орындау үшін пайдаланушыға қажет.
	Тұрақты ток
	Айнымалы ток
	Өндірілген күні
	Жапониядағы OMRON Healthcare технологиясы
	Әдетте арттырылған, әлеуетті қауіпті, иондалмайтын радиацияның деңгейлерін көрсету немесе РЖ таратқыштарын не диагностикалауға не емдеуге РЖ электромагниттік энергияны тікелей қолданатын медициналық электрлік аймақтағы жабдықты немесе жүйелерді көрсету.
	Қол шеңбері
	Білек шеңбері
	OMRON connect — өлшем деректерін смарт құрылғыға жүктеп салуға арналған қолданба.

Электромагниттік үйлесімділікке (ЭМУ) қатысты маңызды ақпарат
OMRON HEALTHCARE Co., Ltd. компаниясы шығарған HEM-7600T-E коды EN60601-1-2:2015 электромагниттік үйлесімділік (ЭМУ) стандартына сәйкес. Осы ЭМУ стандартына қатысты қосымша құжаттама осы пайдалану нұсқаулығында көрсетілген OMRON HEALTHCARE EUROPE компаниясының мекенжайында немесе www.omron-healthcare.com веб-сайтында қолжетімді. Веб-сайттағы HEM-7600T-E кодына арналған ЭМУ ақпаратын қараңыз.
Сымсыз байланыс кедергісі туралы
Өнім 2,4 ГГц-те лицензияланған ISM жолағында жұмыс істейді. Бұл өнімді онымен бір жиілік жолағында жұмыс істейтін басқа сымсыз құрылғылардың (мысалы, қысқа топқының пеш және сымсыз жергілікті желі) айналасында пайдаланғанда, осы Өнім мен осындай басқа құрылғылар арасында кедергі орын алуы ықтимал. Мұндай кедергі орын алса, осы Өнімді пайдаланбас бұрын бұл құрылғының жұмысын тоқтатыңыз не бұл Өнімнің орнын ауыстырыңыз не болмаса оны басқа сымсыз құрылғылар маңында пайдаланбаңыз.

Бұл мониторды EO мүше елдерінде ғана немесе оны сатып алған елде пайдаланыңыз. Оны басқа жерде пайдалансаңыз, аталған елдің радиобайланыс жөніндегі заңдарды не ережелерді бзуыңыз мүмкін.

Аспапты тиісінше жою (пайдаланылған электр және электронды жабдық)	
Аспаптағы бұл символ немесе соның сипатталуы бұл аспапты қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін басқа үй қалдықтарымен бірге жоюға болмайтындығын білдіреді. Қалдықтардың бақылаусыз жойылуы салдарынан қоршаған ортаға немесе адам денсаулығына келуі мүмкін зиянын болдырмау үшін, бұл бұйымды қалдықтардың басқа типтерінен бөліп, материалдық қорлардың тиімді жолмен қайта пайдалануы үшін тиісінше жолмен жоюыңызды өтінеміз.	
Үй жағдайында тұтынушыларға бұл аспапты экологиялық қауіпсіз қайта өңделуі үшін қайда және қалай қайтару керектігі жөнінде толығырақ ақпарат алу үшін аспапты сатып алған бөлшек сауда өкілдерімен немесе жергілікті билік органдарына хабарласу керек.	
Өнер кәсіптік тұтынушылар жабдықтаушымен хабарласуы және сатып алу келісімінің мерзімі мен шарттарын тексеруі тиіс. Бұл өнімді басқа коммерциялық қалдықпен бірге жоюға болмайды.	

7. Сауда белгілері

Bluetooth® сөздік таңбасы және логотиптері Bluetooth SIG, Inc. иелігіндегі тіркелген сауда белгілері және OMRON HEALTHCARE Co., Ltd. компаниясы оны лицензия бойынша пайдаланады. Басқа сауда белгілері және сауда атаулары өздерінің сәйкес иелеріне тиесілі.

Apple және Apple логотипі – АҚШ-та және басқа елдерде тіркелген Apple Inc. компаниясының сауда белгілері. App Store – Apple Inc. қызмет белгісі. Android, Google Play логотипі – Google Inc. сауда белгілері.

8. Шектеулі кепілдік

OMRON өнімін сатып алғаныңыз үшін алғыс білдіреміз. Қалдықтарының бақылаусыз жойылуы нәтижесінде қоршаған орта мен адам денсаулығына зиян келтіруі мүмкіндігін болдырмау мақсатында, бұл қалдық түрін басқа түрлерінен бөліп алыңыз және оларды материалдық ресурстардың қайта пайдаланылуы тұрақты түрде жүруі үшін, бөлек кәдеге жаратыңыз. Егер құрылғыны пайдалану жөніндеі нұсқаулықтағы нұсқауларға сәйкес пайдалансаңыз, сіз құрылғының жұмысқа қабілеттілігіне қанағаттанасыз. OMRON кепілдік мерзімі сатып алғаннан кейін 5 жылды құрайды. Өнімнің сапасы, жұмысқа қабілеттілігі үшін OMRON компаниясы кепілдік береді. Осы кепілдік мерзімінде OMRON компаниясы өз өнімін ауыстыруды, жиынтықтаушы бөлшектерін жөндеуді тегін жүзеге асырады.

- Кепілдік мерзімі төмендегі өнімді қамтымайды:
- Тасымалдау кезіндегі шығындар мен тасымалдау кезіндегі қауіп-қатерлер.
 - Уәкілетті емес тұлғаның пайдалануынан болған шығынның және ауыстырылған ақаулы бөлшектерінің орнын толтыру.
 - Кезеңдік тексеру және профилактикалық жөндеу жұмыстары.
 - Негізгі бөлігі немесе жиынтықтаушы және қосалқы бөлшектері тозса, кепілдік мерзімі болмаса.
 - Шағым мақұлданбаған жағдайда (ауыстырылмайтын болса), компания шығындардың орнын толтырып бермейді.
 - Аппараттың белгілі бір адамның пайдалануынан бүлінген кез келген жерлері.
 - Калибрлеу қызметтері кепілдікте қамтылмаған.

Егер кепілдік бойынша қызмет көрсету қажеттілігі туындаса, өнімді сатып алған дүкенге немесе өкілетті OMRON дистрибуторына өтініш білдіріңіз. Компанияның мекенжайы өнімнің қорабында көрсетілген/арнайы құжаттаманы сіз арнайы таратушылардан ала аласыз. OMRON компаниясының клиенттерге қызмет көрсету орталықтарын іздеп табуда қиындықтар туындаған жағдайда, бізге хабарласыңыз. omron-healthcare.com

Кепілдік мерзімі кезеңінде ауыстыру немесе жөндеу жүргізу кепілдік мерзімін ұзарту құқығын бермейді. Егер өнім өнімді таратушы берген сатып алу шот-фактурасының/түбіртегінің түпнұсқасымен бірге әкелінсе, кепілдік қызметінің көрсетілуі мақұлданады.

9. Артериялық қысым туралы пайдалы ақпарат

Артериялық қысым дегеніміз не?

Артериялық қысым дегеніміз артериялардың жақтауларына түсетін қан күшінің өлшемі болып табылады. Артериялық қысым жүректің соғу цикліне сәйкес үздіксіз өзгеріп отырады. Циклдағы аса жоғарғы қысым систолалық артериялық қысым деп аталады. Төменгі қысым диастолалық қысым деп аталады. Екі қысым да, систолалық та, диастолалық қысым, да дәрігерге емделушінің артериялық қысымының статусын анықтау үшін қажет.

Аритмия дегеніміз не?

Аритмия – бұл жүрек ырғағының био-электрлік жүйедегі жеткіліксіздіктерге байланысты бұзылатын, жүрек соғысына ықпал ететін қызметінен жаңылуы. Оған тән симптомдар олар ырғақалыпсыздығы (кезекті ырғақтың өтіп кетуі), мерзімінен бұрын жиырылулар, әдеттен тыс жылдам ырғақ (тахикардия) немесе тамыр соғысының баулауы (брадикардия).

Неліктен бұл құрылғылар сіздің үйіңізде теңдессіз зат болып табылады?

Дене белсенділігі, мазасыздық немесе тәулік мезгілі сияқты көптеген факторлар сіздің қан қысымыңызға әсер етуі мүмкін. Нақты диагноз қою үшін бір рет өлшеу жеткіліксіз болуы мүмкін. Сонымен қатар, артериялық қысымның кез-келген өзгерісін нақты нұсқау алу үшін, артериялық қысымды күн сайын бір уақытта өлшеген дұрыс. Артериялық қысым әдетте, таңертең төмен болады да, түс кезінен бастап кешеке дейін көтеріледі. Артериялық қысым жазда төмен және қыста жоғары болады.

Гипертония инсультпен қалай байланысты?

Гипертония (жоғары артериялық қысым) инсульттің басты қатер факторы болып табылады. Гипертониялық аурулармен ауыратын емделушілер арасында 4/1 гипертониялық инсульттің (бас миының айналасында қан кету) мөлшері тиімді емделеді деп ес